

Қазақстан Республикасының аумағында уақыт есептеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 қазандағы N 1059 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 наурыздағы N 231 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы аумағында уақыт есептеу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 23 қарашадағы N 1749 (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 49-50, 575-құжат) қаулысында:

2-тармақ алынып тасталсын;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 23 қарашадағы N 1749 қаулысына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 шілдедегі N 775 (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 27, 360-құжат) қаулысында:

1-тармақтың екінші абзацы және 2-тармақ алынып тасталсын.

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 23 қарашадағы N 1749 және 2004 жылғы 20 шілдедегі N 775 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 қазандағы N 1059 (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 38, 501-құжат) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі халықты Қазақстан Республикасының аумағында "жазғы" және "қысқы" уақытқа көшу рәсімін жою туралы хабардар етсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі